21.	Тюрюбаева Раушан Булатовна	Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары	Advanced Training Academy ЖШС	19.02.-01.03.2024ж.	A000017

### Сараптау топтарына енген оқытушыларының тізімі

№	Оқытушылар	Тренерлер, эксперттер
1	Сатова Г.Р. Хижинская А.А. Жумабаева Г.Т.	«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы штаттан тыс тренері
2	Сатова Г.Р.	Астана қаласы Педагогтар қауымдастығының басшысы
3	Адлетхан Б.	ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде физика пәндері бойынша колледж оқытушыларының біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша оқыту курсы бойынша өңірлік жаттықтырушы
4	Хасенова А.Б.	ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде география пәндері бойынша колледж оқытушыларының біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша оқыту курсы бойынша өңірлік жаттықтырушы
6	Шаймерденова А.Т.	Флористика құзыреті бойынша WorldSkills Astana өңірлік чемпионатының бас сарапшысы
7	Голубева С.С.	Аспаздық іс құзыреті бойынша сарапшы
8	Боранбаева А.С.	Кондитерлік іс құзыреті бойынша



	Жумабекова Ж.А.	сарапшы
9	Хижинская А.А.	Мейрамхана сервисі құзыреті бойынша сарапшы
10	Шакиева Н.А.	Наубайхана ісі құзыреті бойынша сарапшы
11	Калимбетова Л.К.	Графикалық дизайн құзыреті бойынша сарапшы
12	Қолтай Б.	Веб технологиясы құзыреті бойынша сарапшы
13	Хисаа Е.	Е-mobility құзыреті бойынша сарапшы
14	Серікбай Н.	3D модельдеу құзыреті бойынша сарапшы
15	Байкенов С.	Дәнекерлеу технологиясы құзыреті бойынша сарапшы
16	Сергазин И.Т.	Жеңіл автокөліктерге қызмет көрсету және жөндеу құзыреті бойынша сарапшы
17	Жапар Д.	Шанақты жөндеу
18	Жумабаева Г.Т.	Қонақ үй әкімшілігі құзыреті бойынша сарапшы
19	Есенбекова А.Е.	

## 2. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

Колледжде барлық кабинеттер мен шеберханалар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптары сәйкес жабдықталған.

Колледждің корпусы - 1936 жыл қаланған, 2017 жылы ғимаратты кеңейтумен күрделі жүргізіліп жасалынып жаңартылды.

Ғимарат түрі: монолитті.

Жобалық қуаты: 1 ауысымға 600 адам.

Колледжде ғимараты Қарасай батыр көшесі, 19 үйде орналасқан. Жалпы ауданы 12853,2 ш.м<sup>2</sup> құрайды.

Оқу кабинеттері-52

Оқу зертханалары-9

Оқу шеберханалары – 14

Компьютерлік сыныптар-4

Спортзал-1 (316 шаршы метр)

Акт залы-1 (240 орындық)

Бассейн-1 (325 м<sup>2</sup>)

Жаттығу залы-1 (85 м<sup>2</sup>)

Күрес залы-1 (65 м<sup>2</sup>)

Медпункт - 38 м<sup>2</sup> және оқшаулағыш 15 м<sup>2</sup>

Баспахана- 1 (3D принтер, 3D сканер)

Құзыреттілік орталығы- 1, Landscape Garden

Асхана -1 (240 орындық)

Кітапхана, оқу залы – 1 (80 орындық).

Оқу орындарының қауіпсіздігі - қазіргі заманның өзекті мәселесі, осыған орай Колледждегі қауіпсіздік шаралар келесі бағытта жүргізіледі:

1) терроризмге қарсы қорғау және терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі іс шаралар;

2) Колледжде объектілік күзет ұйымдастырылған және ол қызметті келісім-шартқа сәйкес ЖШС «GLOBAL SECURITY COMPANY» мамандандырылған күзет фирмасы жүзеге асырады.

Колледж білім алушыларды жатақхана мен қамтамасыз етеді. 2023-2024 оқу жылында Колледж және ЖК «VVV Development» арасында Астана қаласы, Малыбай көшесі 12\1 үй мекенжайында орналасқан 169 орындық жатақхана жалға алу шарты жасалынды. Студенттік жатақханаға кіре берісте вахтерлердің тәулік бойы жұмысы ұйымдастырылды.

#### **Жатақхана сипаттамалары:**

1) Орналасқан жері - Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Малыбай көшесі, 12\1 үй;

орындардың жалпы саны -169 орын;

бөлмелер саны (1 бөлмелі, 1,5 бөлмелі, 2 бөлмелі) – 32;

негізгі бағыты-студенттік жатақхана;

қабат-4 қабаттық;

ауданы (жалпы, тұрғын және пайдалы) - жалпы ауданы-1126,9 м2; тұрғын ауданы - 1019,6 м2;

Әр бөлмеде жуынатын бөлме және ас бөлмесі бар. Бөлмелер жиһазбен, екі қабатты кереуетпен, шкафтар, үстел және орындықтармен қамтамасыз етілген. Әр қабатта тоңазытқыш, микротолқынды пеш, WI-Fi, үтіктеу тақтасы, үтік және жуғыш машинадан 3 данасы бар. Ғимарат ішінде және периметрі бойынша тәулік бойы бейнебақылау жүйесі орнатылған. Ғимаратқа кіру "СТУДДОМ" АЖ-мен біріктірілген "СКУД" бақылаушысы арқылы жүзеге асырылады. Жатақханада құжаттарды тексеру, студенттерді өткізу және тәртіпті үнемі ішкі бақылау үшін вахтер бар. Жұмыскерлер құрамы: завхоз-1, әкімші-1, медицина қызметкері-1, күзетшілер-2, тазалаушы-1.

Колледждің компьютерлік паркі 193 компьютерден тұрады, оның ішінде стационарлық компьютерлер -92 дана, Моноблок-79 дана, Ноутбуктер-21 дана, нетбук-1 дана жабдықталған. Колледжде 4 компьютерлік сынып бар, интерактивті тақталар саны-32 дана, интерактивті панель-6 дана, мультимедиялық проекторлар-47 дана, портативті мультимедиялық панель-4 дана, Led экран-1 дана, интерактивті дүңгіршек-1 дана принтерлер саны-95 дана, оның ішінде көпфункционалды кеңсе құрылғылары (МФУ) 3в1 - 85 дана, лазерлік принтер-7 дана, 3D-принтер-1 дана, МФУ А3-1 дана, плотер-1 дана.

Компьютерлік паркті дамыту қазіргі заманғы білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, білім беру

сапасын арттыруға ықпал етеді, 60 компьютерге сатып алу жүргізілді. Колледждің ақпараттық жүйесі кең жолақты Интернет желісіне қосылған, интернет жылдамдығы 1000 Мбит/сек, - оқу бөлігі және колледж әкімшілігі, екінші ағын 40 Мбит / сек - Бухгалтерия, Wi-Fi кіру нүктелерімен қамтамасыз етілген 100% құрайды..

Кіруді бақылау құрылғысы (турникет - Face ID) - студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында колледжге кіру және шығу Face ID көмегімен турникет арқылы өту жолымен жүзеге асырылады. Колледжде 4 турникет орнатылды 3 кіруге, 1 шығуға. Автоматтандырылған ZKBio Access IVS бағдарламасы турникеттердің жұмысын бақылайды, кіріс деректерін өңдейді, келу, уақыт статистикасы туралы ақпарат береді, келушілердің кіру шығу уақытымен айналысады; қызметкерлер мен студенттердің мәліметтер базасы толықтырылған. Колледжде аналогтық және сандық камераларды қолданатын екі бейнебақылау жүйесі қолданылады. Колледжде барлығы 80 камера бар, оның ішінде аналогтық - 30 камера, сандық IP - 50 камера. Көп аймақтық реттелетін қозғалыс детекторы бар IP камераларына салынған. Камералардан ақпарат серверлерге беріледі. Жүйе барлық IP камераларынан ақпаратты бір уақытта таратуға, өңдеуге және сақтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, IP-бейнекамералар, бейнебақылау жүйелерін көруге және конфигурациялауға қашықтан қол жеткізу үшін мобильді немесе компьютерге DMSS бағдарламасы қосымша орнатылды.

**«Ланшафт дизайны» құзыреттілік орталығы** - Жас Маман жобасына сәйкес колледжде «Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» мамандығы бойынша «ЛАНШАФТ ДИЗАЙНЫ» құзыреттілік орталығы жұмыс жасайды. Ландшафттық дизайн құзыреттілік орталығы халықаралық стандарттарға сай заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған, бұл тек студенттерді ғана емес, сонымен қатар студенттерді, басқа колледждердің өндірістік оқыту шеберлерін ландшафттық дизайн және флористика құзыреттері бойынша дайындауға, демонстрациялық емтихан өткізуге арналған алаң болып табылады.

Халықаралық стандарттарға сай заманауи жабдықтармен жабдықталған ландшафттық дизайн құзыреттілік орталығы тек студенттерді ғана емес, сонымен қатар басқа колледждердің студенттерін, өндірістік оқыту шеберлерін ландшафттық дизайн және флористика құзыреттіліктеріне оқытуға арналған алаң болып табылады және осы салада ландшафттық дизайн және флористика құзыреті бойынша демонстрациялық емтихан өткізуге мүмкіндік береді. Қолданылатын жабдықтар оқыту кезеңінде теориялық дайындық деңгейін арттыруға ғана емес, сонымен қатар студенттердің қажетті тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

2023-2024 оқу жылында IX қалалық Worldskills - Астана 2024 чемпионатында "Флористика" құзыреттілігі бойынша екі жүлделі орынға (1 орын, 2 орын) ие болды.

### **3. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНҒАН КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

#### **3.1 Оқу жылына арналған жұмыс жоспары және сәйкестігі (қызмет бағыттары бойынша)**

Колледждің даму жоспары негізінде колледждің бағыттар бойынша жұмыс жоспары әзірленді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтары жүргізуі міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес). Колледждің жылдық жұмыс жоспары білім беру саясатының нысаналы басымдығын іске асыруға бағытталған, оған колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс жоспарлары, стратегиялық жоспарлар, педагогикалық кеңестің, әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарлары және т. б. кіреді. Колледждің оқу, тәрбие, кәсіптік оқыту, әдістемелік, ақпараттық технологиялар бағыттар бойынша жұмыс жоспарлары колледждің педагогикалық кеңесінде талқыланып бекітіледі.

**Жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқыту немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді оқыту.**

Астана қаласы әкімдігі «Сервис және туризм колледжінің» білім беру бағдарламалары 2023-2024 оқу жылында кредиттік-модульдік технология негізінде жасалды.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі оқу жылында 52 аптаны құрайды, оның ішінде міндетті оқуға 40 апта. Демалыс уақыты жылына 11 аптаны құрайды, оның ішінде қыс мезгілінде -2 апта, 1 апта – мереке күндері.

Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде 36 сағаттық апталық жүктеме сақталды, өндірістік оқыту, зертханалық-практикалық сабақтар оқу шеберханалары мен зертханаларда өткізіледі. Білім алушылар үшін консультациялар мен факультативтік сабақтар қарастырылған. Факультативтік сабақтар аптасына 4 сағаттан аспайтын көлемде 1 оқу тобына көзделеді. Білім алушыларға арналған консультациялар 100 сағаттан аспайтын көлемде көзделеді. Әрбір оқу жылына арналған оқу тобына емтихандар және курстық және дипломдық жобаларды (жұмыстарды) орындау түрінде аралық және қорытынды аттестаттау көзделген пәндер бойынша жоспарланады. Білім алушылардың оқу сабақтары семестр ішінде біркелкі бөлінеді және колледж жұмысының регламентіне сәйкес күндізгі уақытта бірінші және екінші ауысымда өткізіледі.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгерген оқу нәтижелері бойынша кредиттермен/сағаттармен өлшенеді. Жалпы білім беру пәндерінің көлемі оқу жылына 60 кредитті / 1440 сағатты құрайды. Негізгі

орта білім беру базасында оқу мерзімі 1 жыл 10 ай. Міндетті оқытуға барлығы-120 кредит / 2880 сағ.

- Аралық аттестаттау барлығы 1 кредит /24сағ.,
- Қорытынды аттестаттау 2 кредит /48 сағ.
- Міндетті білім алу барлығы: 60 кредит / 1440 сағ.

1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

Колледжде дуальды оқыту жүйесі ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде ұйымдастырылды. 2023-2024 оқу жылында колледждегі дуалды оқыту технологиясы келесі мамандықтар бойынша ұйымдастырылған: 08210100 Орман шаруашылығы (түрлері бойынша) 10130300-Тамақтандыруды ұйымдастыру 07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, 10150100 Туризм .


2023-2024 оқу жылында колледжде дуалдық оқыту жүйесімен жалпы 4 мамандық 17 топта **363** студент білім алды: 1курста - 97 студент, 2 курста – 89 студент, 3 курста – 94 студент, 4 курс – 83 студент. 67 серіктес мекемемен үш жақты келісім шарт жасалып, Астана қаласының кәсіпкерлер палатасы - ның тізіліміне енгізілді.

Атап айтқанда:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әкімшілік ғимараттар дирекциясы»
2. «Астана ботаникалық бағы»
3. АҚ "АГРОФИРМА АКТЫК"
4. Астана қаласы әкімдігінің «Астана қаласының Бірлескен мұражайлар дирекциясы» МКҚК
5. Астана қаласы әкімдігінің "Балалар мен жасөспірімдердің туризм және өлкетану орталығы" МКҚК
6. «Жасыл Аймақ» ШЖҚ РМК
7. ЖШС "«Антарекс-2030» Rafe Coffee & Food"
8. ЖШС "AURA OFFICIAL"
9. ЖШС "Hyundai Auto Astana",
10. ЖШС "Trade Company KAD",
11. ЖШС "ASTEK AUTO"
12. ЖШС "Астана-Қамқор"
13. ЖШС "Ресторан Турандот"
14. ЖШС «AURA SHUBAR»
15. ЖШС «Hyundai Premium Astana
16. ЖШС «NURORDA FOOD»
17. ЖШС «Royal Desing Group »,
18. ЖШС «Астана зелен-строй»
19. ЖШС «Инсар-Астана»
20. ЖШС «Оптом Цветы»
21. ЖШС «Президент отель», Риксос және тағы басқалар.

Дуалды топтар бойынша өндірістік практика қорытындысы:

№	Оқу топтары	Студент саны	Бітіруші саны	Білім сапасы %
	08210100 Орман шаруашылығы (түрлері бойынша) 10130300-Тамақтандыруды ұйымдастыру 07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану			
1	ТОМ-23р	19		100
2	ТОТ-23р	14		100
3	ТОТ-23к	15		86
4	ТОМ-22р	25		100
5	ТО-21РБк	24	24	96
	10130300-Тамақтандыруды ұйымдастыру			
6	ОПп-23 р	25		76
7	2КО-22р	22		66
8	2КО-22 к	18		89
9	3ОПк-21РБр	25	25	92
10	4 Т-11	24	24	87
11	4Т-12	23	23	100
	10150100 Туризм			
12	ТРа-23к	24		95
13	ТРа-22к	24		95
	08210100 Орман шаруашылығы (түрлері бойынша)			
14	3О-21 МБр	22	22	85
15	3О-21МРк	23	23	100
16	4О-11к	19	19	100
17	4О-12р	17	17	100
	<b>Барлығы</b>	<b>363</b>	<b>177</b>	<b>92,1</b>



Дуалды оқыту туралы шарт негізінде кәсіпорын (ұйым) өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білім алушыға тәлімгерді береді.

Колледж нақты экономика жағдайында, елорданың еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, бірінші кезекте болашақта мамандар қайта оқытылмауы үшін қысқа мерзімде технологиялық және әлеуметтік өзгерістерге бейімделуіне қаланың ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағдарланады.

### **Зертханалық-практикалық сабақтарды орындалуы**

Жалпы білім беретін пәндер бойынша орыс тілінде оқытатын топтарда қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілінде оқытатын топтарда орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, информатика және дене шынықтыру сабақтарын, модульдер бойынша зертханалық жұмыстар мен 10 практикалық сабақтарды, сондай-ақ шеберханаларда (зертханаларда және оқу полигондарында) өндірістік оқыту сабақтарын өткізу кезінде топтар шағын топтарға бөлінеді.

**Өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту.** Білім беру бағдарламаларын іске асыратын колледждегі оқу процесі теориялық оқытуды, сондай-ақ өндірістік оқытуда оқу–өндірістік шеберханаларда практика жетекшісінің басшылығы мен кәсіпорындар базасындағы өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы қамтиды. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны жұмыс оқу бағдарламаларымен және жұмыс оқу жоспарларымен айқындалады. Өндірістік тәжірибе оқу үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылады, оның негізгі мақсаты студенттерді алдағы өзіндік кәсіби қызметке дайындау, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, білімді іс жүзінде қолдану арқылы бекіту, жинақтау және жүйелеу, нақты кәсіпорындардың жұмысын зерттеу арқылы білімді кеңейту және тереңдету, қазіргі заманғы жабдықтар мен технологияларды тәжірибелік игеру болып табылады. 2023-2024 оқу жылында оқу үрдісінің кестесіне сәйкес оқу - өндірістік оқыту және өндірістік практика ұйымдастырылды.

Мамандыққа байланысты колледждің оқу-тәжірибелік шеберханаларында оқу және өндірістік оқыту өткізіліп 353 студент қамтыды:

- 10130300-Тамақтандыруды ұйымдастыру мамандығы - 129 студент;
- 07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану - 92 студент;
- 08210100-Орман шаруашылығы - 37 студент;
- 10150100 Туризм – 45 студент;
- Эксперименталды топтар (10 сыныптар) – 50 студент.

### **Қысқа мерзімді курстар жұмысын ұйымдастыру**

Биылғы оқу жылында қысқа мерзімді курстарардың (Флорист, Ланшафт дизайнері, Кондитер-безендіруші, Аспаз) оқу жұмыс бағдарламалары Астана қаласының Кәсіпкерлер палатасы реестріне тіркелді.

Жүргізушілерді даярлау курсы «В» санаты ағымдағы оқу жылында 2 рет ұйымдастырылып, 28 тыңдаушы куәлік алды:

06.11.2023ж.-20.01.2024ж аралығында – 16 тыңдаушы;

01.04.2024ж.- 14.06.2024ж. аралығында – 12 тыңдаушы.

06.11.2023г.-19.02.2024ж. аралығында «ВС»-санатына жүргізушілер курсы ұйымдастырылып, 16 тыңдаушы куәлігін алды.

Колледждің оқу-материалдық базасын нығайту мақсатында 08210100-Орман шаруашылығы (түрлері бойынша), 07211300-Тағам өндірісінің технологиясы, 10130300-Тамақтандыруды ұйымдастыру, 10150100 – Туризм, 07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, 10130100 Қонақ үй бизнесі мамандықтары бойынша ағымдағы оқу жылында оқу –практикалық сабақтарға қажетті құрал-жабдықтар, құрал-саймандар алынды.

**Колледжде ТжКББ ұйымдарында іске асырылатын жалпы білім беретін мектептердің 10-11 сыныптарының білім алушылары үшін жұмыс біліктілігі бойынша эксперименттік білім беру бағдарламасы бойынша 3 топ құрылды, оның ішінде 2 топ (30 білім алушы) орыс тілінде, 1 топ (20 білім алушы) мемлекеттік тілде оқытылады. Эксперименттік білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың жалпы контингенті - 50, оның ішінде 15 білім алушы 3W07161301 "Автомобильдерді жөндеу жөніндегі слесарь" біліктілігін, 35 білім алушы, 3W10130302 "Аспаз" біліктілігін игереді. Жобаға Астана қаласының 14 жалпы білім беретін мектебінің оқушылары қатысады:№5-5 ОМ,№11-6 ОМ,№14-3 ОМ,№19-2 ОМ,№20-3 ОМ,№26-10 ОМ,№36-6 ОМ,№41-1 ОМ,№56-4 ОМ,№58-1 ОМ,№61-4 ОМ,№65-2 ОМ, №68-1 ОМ,№71-2 ОМ. Эксперименттік білім беру бағдарламасын іске асыру үшін 2023-2025 жылдарға арналған перспективалық жоспар жасалды және бекітілді. Колледжде эксперименттік алаңның жұмысын үйлестіру бойынша жұмыс тобы құрылды (31.08.2023 ж. №158 бұйрық).**

**2023-2024 оқу жылындағы эксперименттік жобаны аясындағы топтардың семестр қорытындысы бойынша білім сапасының жалпы көрсеткіштері**

№	Топтар	1 семестр	2 семестр
1	ОПэ-23к	100%	76%
2	ОПэ-23р	100%	100%
3	АТэ-23р	100%	87%

Таңдалған мамандыққа тұрақты қызығушылықты қолдау мақсатында "Қамқор Астана" ЖШС, №1 автобус паркі және "Турандот" мейрамханалар желісі кәсіпорындарында экскурсиялар өткізілді. Экскурсияларды өткізу барысында білім алушылар өндірісті ұйымдастырумен танысуға, жұмыс жағдайында, қызмет процесінде әртүрлі кәсіптердің өкілдерін байқауға, таңдалған мамандық бойынша қызметтің мәнін зерделеуге, заманауи техникамен, өндіріс технологиясымен, еңбекті ұйымдастырумен, жабдықтың құрылымымен және жұмыс істеу принциптерімен танысуға мүмкіндік алды.

Танымдық қызметті тиімді ұйымдастыру үшін кәсіптік практика кезеңінде шеберлік сыныптары өткізілді:

1. "Нан пісіру"
2. "Трайфл дайындау технологиясы"
3. "Әр түрлі салмасы бар құйылған кәмпиттер"



4. "Жемістерді ою"
5. "Кимпаб корей тағамдарын дайындау"
6. "Суық тағамдар, тағамдар дайындаудың заманауи тенденциялары"

**Аралық және қорытынды аттестаттауды тапсыру** Аралық және қорытынды аттестаттау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Колледжде білім алушыларды аралық аттестаттау курстық жобаларды (жұмыстарды), практика бойынша есептерді, сынақтар мен емтихандарды қорғау нысанында оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Аралық аттестаттауға дайындық кезеңінде кестеге сәйкес консультациялар өткізіледі. Аралық аттестаттауға әрбір пән және (немесе) модуль бойынша жұмыс оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес барлық практикалық, зертханалық, есептеу-графикалық және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды толық орындаған және ағымдағы білім есебінің қорытындылары бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары жоқ білім алушылар жіберіледі. Аралық аттестаттау басталар алдында аралық аттестаттауға жіберу туралы бұйрық шығарылады, аралық аттестаттауды өткізу кестесі жасалады. Жалпы білім беру пәндерінен ТЖКББС сәйкес «Қазақ тілі», «Орыс тілі және әдебиеті», «Русский язык», «Қазақ тілі және әдебиеті», «Қазақ тілі және әдебиеті», «Қазақ тілі және әдебиеті» пәндерінен емтихандар тапсырады. Сонымен қатар, базалық және кәсіптік модульдер бойынша жұмыс оқу жоспары мен оқу графигіне сәйкес аралық емтихандар тапсырады. Емтихан тапсырмалары циклдік комиссия отырысында талқыланып, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарымен бекітіледі. Бағдарлама талаптарын толығымен орындаған, емтихан сессиясын сәтті тапсырған студент директордың бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылды. Мамандығы бойынша теориялық және практикалық оқытудың толық курсы аяқтағаннан кейін дипломдық жобаны немесе мемлекеттік емтиханды қорғау түрінде қорытынды аттестаттау жүргізіледі.

**Курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмыстарды орындау (егер жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарында басқаша қарастырылмаса)** Егер жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарында өзгеше көзделмесе, курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындауға пәннің теориялық бөлігі аяқталғаннан кейін орындалады. Курстық, жобалық жұмыстардың тақырыптары тиісті пәндер бағдарламаларының көлеміне және курстық жобалаудың оқу мақсаттарына сәйкес келеді. Жобалауға арналған тапсырма топтамалық әдістемелік комиссия отырысында қаралады және директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары бекітеді. Курстық жобалауға басшылықты тиісті пәннің оқытушысы жүзеге асырады. Дипломдық жоба (жұмыс) оқуды аяқтаған қорытынды аттестаттау түрі болып табылады. Дипломдық жобаны орындауға теориялық және практикалық дайындықтың

барлық түрлері бойынша оқу жоспарын толық орындаған білім алушы жіберіледі. Дипломдық жобалардың тақырыптары заманауи өндірістік талаптарға сай таңдалады және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бекітіледі. 2023-2024 оқу жылында 07161300 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалан», 06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша) мамандықтары бойынша білім алушылардың қорытынды аттестауы дипломдық жобаны қорғау мен аяқталды. Оқу үрдісін ұйымдастыру колледж директоры бекіткен оқу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Оқу сабақтарының кестесі оқу үрдісінің кестесіне, жұмыс оқу жоспарларына, оқытушылар арасында жүктемені жеке бөлуге, студенттердің апталық жүктемесін ескере отырып, аудиториялық қордың жұмыспен қамтылуына сәйкес жасалады және оқу жылында екі рет колледж директоры бекітеді. Сабақ кестесі оқу жылы ішінде тұрақты және қатаң сақталады. Мерекелік апта қарастырылған.

### **3.2 МЖМБС талаптары, кәсіптік стандарттар (болған жағдайда), Worldskills кәсіптік стандарттары (болған жағдайда) негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен ТЖКБ ұйымдары әзірлеген білім беру бағдарламалары**

Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасын колледж жұмыс берушілердің қатысуымен, кәсіптік стандарттар, WS стандарттары және ҚР БҒМ «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығы негізінде дербес әзірленді. Білім беру бағдарламасына мыналар кіреді: төлқұжат, жұмыс оқу жоспары және жұмыс оқу бағдарламалары.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде колледж:

- 1) міндетті оқытуға бөлінген кредиттердің/сағаттардың жалпы санын сақтай отырып, пәндердің/модульдердің көлемі мен мазмұнын дербес айқындайды;
- 2) бір мамандық шеңберіндегі модульдердің/біліктіліктердің реттілігін, тізбесін және санын айқындайды;
- 3) оқытудың әртүрлі технологияларын, оқу процесін ұйымдастыру мен бақылаудың нысандарын, әдістерін таңдайды.
- 4) білім беру бағдарламасын игеру мерзімдерін айқындайды.

2023-2024 оқу жылында колледж МЖМБС талаптары, кәсіби стандарттар, WorldSkills кәсіби стандарттары негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламаларын әзірледі. Барлық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары Индустриялық кеңесте қаралады және хаттама шешімімен мақұлданды. Әзірленген білім беру бағдарламалары оларды әрі қарай ашық қолжетімді білім беру бағдарламаларының электрондық тізіліміне енгізе отырып, сараптамадан өтті: <http://94.141.242.22/registry/login>

*2023-2024 оқу жылындағы Worldskills кәсіптік стандарттары негізінде,  
жұмыс берушілердің қатысуымен әзірлеген мамандықтар тізбесі*

№	Мамандықтың атауы	Біліктілік атауы	Әлеуметтік серіктестер	9 сынып базасында
1	10130300 Тамақтануды ұйымдастыру	3W10130302 Аспаз 3W10130301 Кондитер-безендіруші 4S10130303 Технолог	ЖК "Зейд"	Оқыту тілі қазақ, орыс тілінде
2	08210100 Орман шаруашылығы	4S08210104 Техник-орман патологы	ҚРЭЖТРГМ ОШЖДЛ «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖК РМК филиалы "Астана ботаникалық бағы"	Оқыту тілі қазақ, орыс тілінде
3	07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3W07161301 Автокөлік жөндеу слесары 3W07161303 Автомобиль көлігін жөндеу шебері 4S07161304 Техник-механик	ЖК "Лашын" ЖШС "Astek-Auto" ЖШС "Astek-Auto"	Оқыту тілі қазақ, орыс тілінде
4	10150100 Туризм	3W10150103- Туристік агент	ЖШС «Найри Травел»	Оқыту тілі қазақ, орыс тілінде

**08210100-Орман шаруашылығы (түрлері бойынша) мамандығы бойынша** оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) ҚР Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына қосымшамен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына қосымшамен бекітілген үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленді. Оқу мерзімі 2 жыл 10 ай негізгі орта білім беру базасында. Оқыту формасы: күндізгі 4S08210104-Техник –орман патологі біліктілігі

- Жалпы білім беру пәндеріне -60 кредит/аралық аттестаттауды ескере отырып 1440 сағат бөлінді;

- Базалық Модульдер, кәсіптік Модульдер, Өндірістік оқыту және кәсіптік практика -120 кредит / 2880 сағат. Аралық және қорытынды аттестаттау қарастырылған. Міндетті оқытуға барлығы: 180 кредит / 4320 сағат.

1 кредит 24 академиялық сағатқа тең, 1 академиялық сағат -45 минут

Консультациялар - 12 кредит / 288 сағат; факультативтік сабақтар – 10 кредит / 240 сағат; уақыт резерві-4 кредит / 96 сағат.

Сағаттың жалпы көлемі - 206 кредит / 4944 сағат.

Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша мамандықтың бейінін ескере отырып айқындалады. Жалпы білім беру пәндері 1-2 курстарда оқытылады.

Міндетті пәндер:

Қазақ тілі – 96 сағат, Қазақ әдебиеті – 72 сағат, Орыстілі мен әдебиеті-96 сағат, Шет тілі (ағылшын) тілі – 96 сағат, Қазақстан тарихы – 96 сағат, Математика-192 сағат, Информатика-72 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық-96 сағат, дене шынықтыру-120 сағат

Таңдау пәндері. Терең деңгей: Физика-144 сағат, Химия-144 сағат

Таңдау пәндері. Стандартты деңгей: География - 72 сағат, Дүниежүзі тарихы -72 сағат

**10150100 – Туризм мамандығы** бойынша оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) ҚР Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына қосымшамен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына қосымшамен бекітілген үлгілік оқу жоспарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің «дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына сәйкес әзірленді. Әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 17.01.2017 ж. №3 қосымшамен бекітілген 10150100 «Туризм» мамандығы бойынша академиялық дербестік шеңберінде кәсіптік стандарттар пайдаланылды.

Қабылдау жылы-2023, оқу мерзімі 2 жыл 10 ай негізгі орта білім беру базасында. Оқыту формасы: күндізгі

3W10150102 – Саяхат жүргізуші , 3W10150103 – Туристік агент біліктіліктері

- Жалпы білім беру пәндеріне -60 кредит/аралық аттестаттауды ескере отырып 1440 сағат бөлінді;

- Базалық Модульдер, кәсіптік Модульдер, Өндірістік оқыту және кәсіптік практика -120 кредит / 2880 сағат. Аралық және қорытынды аттестаттау қарастырылған. Міндетті оқытуға барлығы: 180 кредит / 4320 сағат.

1 кредит 24 академиялық сағатқа тең, 1 академиялық сағат -45 минут

Консультациялар - 12 кредит / 288 сағат; факультативтік сабақтар – 8 кредит / 192сағат; уақыт резерві-6кредит / 144сағат.

Сағаттың жалпы көлемі - 206 кредит / 4944 сағат.

Міндетті пәндер:

Қазақ тілі – 96 сағат, Қазақ әдебиеті – 96 сағат, Орыс тілі мен әдебиеті-120 сағат, Шет тілі (ағылшын) тілі – 96 сағат, Қазақстан тарихы – 96 сағат, Математика-120 сағат, Информатика-96 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық-96 сағат, дене шынықтыру-120 сағат

Таңдау пәндері. Тереңдетілген деңгей: География -144 сағат, Дүниежүзі тарихы -144 сағат, химия - 72 сағат, Биология -72 сағат

**07161300-Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану мамандығы (орта буын)** бойынша оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) ҚР Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына қосымшамен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына қосымшамен бекітілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің «дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына сәйкес әзірленді үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленді. Әзірлеу кезінде "Машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу шебері" ҚР "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының бұйрығына 30.12.2019 ж. №46 қосымша, автомобиль көлігінің техникалық жай-күйін бақылау" 06.09.2018 ж. № 239 . 3 қосымша, "Өзге де автокөлік құралдарын диагностикалау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу " №49 қосымша бойынша академиялық дербестік шеңберінде кәсіптік стандарттар пайдаланылды.

Қабылдау жылы-2023, оқу мерзімі 2 жыл 10 ай негізгі орта білім беру базасында. Оқыту формасы: күндізгі

3W07161303 – Автомобиль көлігін жөндеу шебері, 4S07161304 - Техник-механик" біліктіліктері.

- Жалпы білім беру пәндеріне - 60 кредит/аралық аттестаттауды ескере отырып 1440 сағат бөлінді;

- Базалық Модульдер, кәсіптік Модульдер, Өндірістік оқыту және кәсіптік практика -120 кредит / 2880 сағат. Аралық және қорытынды аттестаттау қарастырылған. Міндетті оқытуға барлығы: 180 кредит / 4320 сағат.

1 кредит 24 академиялық сағатқа тең, 1 академиялық сағат -45 минут

Консультациялар - 12 кредит / 288 сағат; факультативтік сабақтар – 8 кредит / 192 сағат; уақыт резерві-6 кредит / 144 сағат.

Сағаттың жалпы көлемі - 206 кредит / 4944 сағат.

Міндетті пәндер:

Қазақ тілі – 96сағат, Қазақ әдебиеті – 72 сағат, Орыс тілі мен әдебиеті-96 сағат, Шет тілі (ағылшын) тілі – 96 сағат, Қазақстан тарихы – 96 сағат, Математика-192 сағат, Информатика-72 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық-96 сағат, дене шынықтыру-120 сағат

Таңдау пәндері. Терең деңгей: Физика-144 сағат, Химия-144 сағат.  
Биология - 72 сағат, Дүниежүзі тарихы -72 сағат

**07161300-Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану мамандығы (жұмысшы біліктілігі)** бойынша оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) ҚР Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына қосымшамен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына қосымшамен бекітілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің «дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына сәйкес әзірленді үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленді. Әзірлеу кезінде "Машиналар мен механизмдерді пайдалану және жөндеу шебері" ҚР "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының бұйрығына 30.12.2019 ж. №46 қосымша, автомобиль көлігінің техникалық жай-күйін бақылау" 06.09.2018 ж. № 239 . 3 қосымша, "Өзге де автокөлік құралдарын диагностикалау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу " №49 қосымша бойынша академиялық дербестік шеңберінде кәсіптік стандарттар пайдаланылды.

Қабылдау жылы-2023, оқу мерзімі 2 жыл 10 ай негізгі орта білім беру базасында. Оқыту формасы: күндізгі

3W07161303 – Автомобиль көлігін жөндеу шебері, біліктіліктілігі.

- Жалпы білім беру пәндеріне - 60 кредит/аралық аттестаттауды ескере отырып 1440 сағат бөлінді;

- Базалық Модульдер, кәсіптік Модульдер, Өндірістік оқыту және кәсіптік практика -120 кредит / 2880 сағат. Аралық және қорытынды аттестаттау қарастырылған. Міндетті оқытуға барлығы: 180 кредит / 4320 сағат.

1 кредит 24 академиялық сағатқа тең, 1 академиялық сағат -45 минут

Консультациялар - 12 кредит / 288 сағат; факультативтік сабақтар – 8 кредит / 192 сағат; уақыт резерві-6 кредит / 144 сағат.

Сағаттың жалпы көлемі - 206 кредит / 4944 сағат.

Міндетті пәндер:

Қазақ тілі – 96сағат, Қазақ әдебиеті – 72 сағат,Орыс тілі мен әдебиеті-96 сағат, Шет тілі (ағылшын) тілі – 96 сағат, Қазақстан тарихы – 96 сағат, Математика-192 сағат, Информатика-72 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындық-96 сағат, дене шынықтыру-120 сағат, Физика-144 сағат, Химия-144 сағат. Биология - 72 сағат, Дүниежүзі тарихы -72 сағат

**10130300 – Тамақтандыруды ұйымдастыру мамандығы** бойынша оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) ҚР Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына қосымшамен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығына қосымшамен бекітілген үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленді. Әзірлеу

кезінде ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы "Атамекен" Басқарма Төрағасы орынбасарының 22.10.18 жылғы №284 бұйрығына кәсіби стандарт "Тамақтандыруды ұйымдастыру" №2-қосымша бойынша академиялық дербестік шеңберінде кәсіптік стандарттар пайдаланылды.

Қабылдау жылы-2023, оқу мерзімі 2 жыл 10 ай негізгі орта білім беру базасында. Оқыту формасы: күндізгі

3W10130302 – Аспазшы , 3W10130301 - Кондитер-безендіруші біліктіліктері.

- Жалпы білім беру пәндеріне -60 кредит/аралық аттестаттауды ескере отырып 1440 сағат бөлінді;

- Базалық Модульдер, кәсіптік Модульдер, Өндірістік оқыту және кәсіптік практика -120 кредит / 2880 сағат. Аралық және қорытынды аттестаттау қарастырылған. Міндетті оқытуға барлығы: 180 кредит / 4320 сағат.

1 кредит 24 академиялық сағатқа тең, 1 академиялық сағат -45 минут

Консультациялар - 12 кредит / 288 сағат; факультативтік сабақтар – 11 кредит /264сағат; уақыт резерві - 3 кредит / 72 сағат.

Сағаттың жалпы көлемі - 206 кредит / 4944 сағат.

Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша мамандықтың бейінін ескере отырып айқындалады.

Міндетті пәндер:

Қазақ тілі – 72 сағат, Қазақ әдебиеті – 72 сағат, Орыс тілі мен әдебиеті-96 сағат, Шет тілі (ағылшын) тілі –144 сағат, Қазақстан тарихы – 96 сағат, Математика-192 сағат, Информатика-48 сағат, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық-96 сағат, Дене шынықтыру-120 сағат, Физика-144 сағат, Химия-144 сағат, Биология - 72 сағат, Дүниежүзі тарихы -72 сағат. Факультативтік пәндер аптасына 4 сағаттан аспайтын көлемде көзделеді:

Үлгілік оқу жұмыс жоспарына сәйкестігі туралы мәліметтер ()

Қабылдау жылы	Мамандық және біліктілік атауы	Үлгілік оқу жұмыс жоспарына сәйкес келуі
2021-2022	07211300 – Тамақ өнімдерін өндіру технологиясы 3W07211302 - жартылай фабрикаттарды дайындау желісінің операторы 4S07211303 - Техник-технолог	сәйкес келеді
2021-2022	07161300- Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану 3W07161303 – Автомобиль көлігін жөндеу шебері, 3W07161301 Автокөлік жөндеу слесары	сәйкес келеді

2021-2022	08210100- Орман шаруашылығы 4S08210104 Техник-орман патологы	сәйкес келеді
2021-2022	10130300- Тамақтандыруды ұйымдастыру 3W10130301 Кондитер-безендіруші 3W10130302 Аспаз	сәйкес келеді
2021-2022	06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) 4S06130103 - Бағдарламалық жасақтама құрастырушы	сәйкес келеді
2022-2023	0130300- Тамақтандыруды ұйымдастыру 3W10130302 -Аспаз, 3W10130301 Кондитер- безендіруші 4S10130303 – Технолог	сәйкес келеді
2022-2023	06120100 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша) 3W06120101 - Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы	сәйкес келеді
2022-2023	06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) 4S06130103 - Бағдарламалық жасақтама құрастырушы	сәйкес келеді
2022-2023	10410400 Жол қозғалысын ұйымдастыру 3W10410401 Жол инспекторы	сәйкес келеді
